



«Какое благо - быть!»

**Қазақстандық жазушылар Оралхан Бөкейдің 80-жылдығына және
Марат Қабанбаевтың 75-жылдығына арналған
Халықаралық интернет-сайысын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелері

2023 жылы «Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» КММ (ары қарай – ШҚ ОБЖК) жақын шетел кітапханаларының қатысуымен қазақстандық жазушылар Оралхан Бөкейдің 80-жылдығына және Марат Қабанбаевтың 75-жылдығына арналған Халықаралық кітапханалық интернет-сайысын ұйымдастырады және өткізеді (ары қарай – Сайыс).

Көркем сөздің шебері Оралхан Бөкейдің есімі Шығыс Қазақстанда және одан тысқары жерлерге де танымал. Оның есімімен мектептер, көшелер, кітапханалар аталған, туған ауылы Шыңғыстайда Мұражай үйі бар. Оның шығармалары бойынша фильмдер түсірілген.

Балалар жазушысы және публицист Марат Қабанбаевтың шығармашылығын әлемдік әдеби қауымдастығы бағалап, мойындады. 1990 жылы жазушы Халықаралық Жастар кітаптары кеңесінің (IBBY Honour List) құрметті тізіміне енгізу туралы дипломмен немесе басқаша айтқанда «Пысық болдым, мінеки!» повесі үшін Х.-К. Андерсен атындағы құрметті дипломмен марапатталды. Марат Қабанбаев бүгінгі күнге дейін осы аталмыш сыйлықпен марапатталған жалғыз балалар жазушысы.

Біздің жерлестеріміз өз шығармаларымен адам бойында жоғары моральдық жауапкершілік сезіміне тәрбиелейді, өз кітаптарында адам жанының саналы өзгерісі, оның адамгершілік көзқарасы арқасында әлемді жақсы жаққа өзгерту туралы ойды растайды.

Осы Ереже Сайыстың ұйымдастырылу және өткізу тәртібін, шарттарын анықтайды.

2. Сайыстың мақсаты

Шығысқазақстандық танымал жазушылар Оралхан Бөкей мен Марат Қабанбаевтың шығармашылығын түрлі елдердің өскелең ұрпақтары арасында насихаттау; ұлттық және мәдени жақындасу идеяларын ілгерілету, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін анықтау және дамыту, мәдени тарихи жадыны сақтау.

3. Сайыстың міндеті

3.1. О. Бөкей шығармаларын оқуды, зерделеуді және жастардың арасында талқылауды ұйымдастыру.

3.2. М. Қабанбаевтың шығармаларына енген негізгі идеяларды балалармен және

жасөспірімдермен оқу және талқылау.

3.3 Республика мен жақын шет елдердің кітапханалары арасындағы кәсіби байланыстарды дамыту арқылы Шығыс Қазақстанның мәдени брендині ілгерілету бойынша достық қатынастарды орнатуға жәрдемдесу.

3.4. Оқуды құндылық ретінде насихаттайтын желілік ортаны құру.

3.5. Әдеби-шығармашылық қызметке тарту, сөйлеу мәдениетін, оқу беделін арттыру және қазақ әдебиетіне деген қызығушылықты қалыптастыру арқылы талантты, ойлы оқырманды тәрбиелеу.

4. Сайысты іске асыру мерзімі

4.1. Сайыс екі кезеңде өтеді:

- 1 кезең (аймақтық) – 18 сәуір – 31 шілде 2023 жыл;

- 2 кезең (халықаралық) – 1 тамыз – 20 қыркүйек 2023 жыл.

5. Сайысты ұйымдастырушылар және қатысушылар

5.1. «Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі («ШҚ ОБЖК») Сайыстың ұйымдастырушысы болып табылады (Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы).

5.2. Байқаудың ұйымдастырушылары бола алады:

- Қазақстан қалаларының, жақын шетел мемлекеттерінің және Шығыс Қазақстан облысының жалпыға қолжетімді кітапханалары

5.3. Интернет-сайыстың қатысушылары екі жас санаты бойынша оқырмандар болып табылады (**10-14 жас, 15-18 жас**).

5.4. Ұйымдастыру комитеті сайысты өткізу барысында жас санатына өзгерістер енгізуге құқылы.

6. Интернет-сайысты іске асырудың тәртібі мен шарттары

6.1. Интернет-сайыс ШҚ ОБЖК 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

6.2. Сайыс іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті үйлестіруді оның төрағасы басқаратын ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

6.3. Сайыстың Ұйымдастыру комитеті аймақтық және халықаралық ұйымдастыру комитетінің функциясын іске асырады.

6.4. Шығыс Қазақстан облысының кітапханаларында ұйымдастыру комитеттері құрылады, олардың функцияларына жергілікті жерлерде сайысты ұйымдастыру және халықаралық кезеңге жұмыстарды іріктеу кіреді.

6.5. Жақын шет елдердегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қалаларындағы интернет-сайысқа қатысушы кітапханалар функцияларына жергілікті жерлерде сайысты ұйымдастыру және халықаралық кезеңге жұмыстарды іріктеу кіретін өңірлік ұйымдастыру комитеттерін құрады.

6.6. Қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында барлық Интернет-сайысқа қатысушылар үшін ақпарат екі тілде жүзеге асырылады: мемлекеттік (қазақ тілінде) және орыс тілінде.

7. Сайыстың негізгі шаралары

Түрлі оқырмандар тобы арасында өткізілетін шығармашылық сайыстар Сайыстың негізгі мәдени шарасы болып табылады:

7.1. «Живые страницы» номинациясында мәнерлеп оқушылар сайысы өткізіледі.

Сайысқа қатысу үшін О.Бөкейдің және М.Қабанбаевтың шығармаларынан үзінділер таңдалып алынады. Қатысушылар автор шығармасынан үзіндіні оқиды, оқыған үзіндісін бейнетаспаға жазады. Оқу алдында қатысушы өзінің аты-жөнін, шығарма авторын және атауын атайды. Оқу мәтінге қарап тұрып оқылуы мүмкін, сондай-ақ жатқа айтылуы, бұл бағалауға әсер етпейді.

Шығармаға қарап оқылған үзіндіні әділқазылар алқасы қабылдамайды. Сайыстың критерийлеріне сай болуы керек.

Бейнежазбаның техникалық талаптары:

көлденең түсірілім (горизонтальды);

- MPEG4 көлемі 720x576 кем емес;

- бейнеролик ұзақтығы 3 минутқа дейін.

Жұмысты бағалау критерийлері:

- оқылатын үзіндінің мағынасын түсіну;
- оқу әсерлілігі және жылдамдығы ;
- оқудың мәнерлілігі мен айқындығы, бірқалыпты ритм және сөйлеу ырғағы, логикалық екпін;
- шығарма тақырыбын ашу ерекшелігі.

7.2. «Вокруг книг» номинациясы. Постер, күнтізбе, бүктеме, ашықхат, бетбелгі түрінде бір кітапты/туындыны ұсыну.

Қатысушылар бір автордың шығармасын таңдап, оған ұсынылған формалардың кез-келгенін жасайды.

Материалды ұсынуға техникалық талаптар:

- байқауға әртүрлі графикалық редакторларда (Microsoft PowerPoint, Canva және т. б.) орындалған немесе қолмен орындалған жұмыстар қабылданады: қарындашпен, бояулармен және басқа да көркем материалдармен сурет салу;
- орындалған кез келген жұмыс түрі (бүктеме, плакат және т.б.) Сайысқа онлайн-форматта ұсынылады.

Жұмысты бағалау критерийлері:

- сайыстың тақырыбына сәйкестігі;
- концептуалды идея;
- суреттің (эскиздің) өзіндік ерекшелігі мен эстетикасы;
- орындалған жұмыстың құрамы мен сапасы.

8. Сайысқа ұсынылатын жұмыстарды таңдау және ұсыну тәртібі

8.1. Интернет-сайысқа қатысушылар шығармашылық жұмыстарды (әр номинация бойынша жеке) сайысқа қатысуға өтініммен бірге қатысушы кітапханалардың Ұйымдастыру комитетіне немесе интернет-сайысты ұйымдастырушының Ұйымдастыру комитетіне 2023 жылғы 30 шілдеге дейін **odyub_konkurs@mail.ru** электрондық мекенжайына «Какое благо – быть!» белгісімен жібереді.

8.2. Жіберілген жұмыстар www.vkolibrary.kz Кітапхана сайтындағы интернет-сайыстың арнаулы ақпараттық блогына, сондай-ақ 2023 жылдың 1 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін халықтық дауыс беру өтетін (<https://www.youtube.com/channel/UCUVQJqg7tiG4ILfhGSpVevQ>) YouTube кітапхана арнасына қойылады.

8.3. Көрсетілген мерзімнен кейін Ұйымдастыру комитетіне келіп түскен жұмыстар сайысқа қатысуға жіберілмейді.

9. Сайыс қорытындыларын шығару

9.1. Интернет-сайыс жеңімпаздарын анықтау үшін төраға басшылық ететін әділқазылар алқасы құрылады, төраға болмаған жағдайда оның міндетін орынбасары атқара алады.

Әділқазылар алқасының әр мүшесі қатысушылардың жұмысын белгілі номинациялар бойынша («Живые страницы», «Вокруг книг») критерийлерге сәйкес бағалайды.

Берілген дауыстың қорытынды есебін Ұйымдастыру комитеті береді.

Дауыс саны бірдей болған жағдайда жеңімпазды төраға анықтайды, оның дауысы шешуші дауыс болып саналады.

Сайыс қорытындысы **2023 жылдың қыркүйегінде** шығарылады. Сайыс қорытындылары бойынша екі номинацияда I, II, III орындар тағайындалады. Жеңімпаздарға дипломдар, сондай-ақ барлық сайысқа қатысушыларға сертификаттар беріледі.

9.2. Халықтық дауыс беру
(<https://www.youtube.com/channel/UCUVQJqg7tiG4ILfhGSpVevQ>) YouTube

кітапхана арнасында **2023 жылдың 1 тамызынан 20 қыркүйегіне** дейін өткізіледі (8 тармақты қара). Кітапхананың барлық пайдаланушыларының жасына және тұрғылықты жеріне қарамастан «Живые страницы», «Вокруг книг» номинациялары бойынша сайысқа қатысушылардың ұнаған жұмысына дауыс беруге мүмкіндігі бар.

Дауыс беру 2023 жылдың 20 қыркүйегінде аяқталады. Екі номинацияда халықтық дауыс беру жеңімпаздарының есімдері әділқазылар алқасының қорытындылауы бойынша сайыс лауреаттарымен қатар бір мезгілде жарияланады. Сондай-ақ олар дипломдармен марапатталады.

10. Сайысқа ұсынылған жұмыстарды пайдалану құқығы

Интернет-сайысқа қатысушылар өздерінің жұмыстарын авторлық төлемақысыз оны ұйымдастырушылардың пайдалануына келісім береді, бірақ автордың есімін келесі тәсілдермен көрсетуге тиісті болады: сайыс жұмыстарының мәтінін жариялау, бейнематериалдарды Кітапхананың www.vkolibrary.kz сайтында орналасқан Сайыстың (<https://b-k.vkolibrary.kz/>) блогында, Facebook әлеуметтік желісінде жариялау, көрмелерде және басқа да көпшілік шараларда көрсету, жинақтарда, сондай-ақ коммерциялық емес негізде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

!!! Электрондық адреске назар аударыңыздар - odyub_konkurs@mail.ru
Өтініштер мен сайыс жұмыстарын аталмыш мекенжайға жіберуді сұраймыз.